

**Борис Гиршевич Ерзакович пен Петр Васильевич Аравиннің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 тамыздағы N 750 Қаулысы

"Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылы 28 қыркүйектегі N 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның музыка өнерінің көрнекті қайраткерлері, өнертанушы ғалымдар Борис Гиршевич Ерзакович пен Петр Васильевич Аравиннің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2008 жылғы 15 тамыздағы  
N 750 қаулысымен

бекітілген

**Қазақстанның музыка өнерінің көрнекті қайраткерлері, өнертанушы ғалымдар Борис Гиршевич Ерзакович пен Петр Васильевич Аравиннің туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары**

Р/с №	Іс-шараның атауы	Орындалуына жауаптылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
1	2	3	4	5	6
1.	Б.Г.Ерзаковичтің өмірі мен ғылыми-шығармашылық қызметі туралы кітап шығару	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2008 жыл бойы	017 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару" республикалық бюджеттік бағдарламасы	3000,0
2.	Ресейден, Қазақстаннан атақты ғалымдарды, Б.Г.Ерзаковичтің туғандары мен туыстарын шақырып, Астана қаласында Б.Г.Ерзаковичтің туғанына 100 жыл	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан		011 "Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар	3154,0

	толуына арналған мерейтой кешін және өнер шеберлерінің концертін өткізу	Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2008 жылғы қыркүйек	өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	
3.	Ресейден, Қазақстаннан атақты ғалымдарды шақырып, Астана қаласында П.В.Аравиннің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтой кешін және өнер шеберлерінің концертін өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2008 жылғы қыркүйек	011 "Әлеуметтік маңызы бар және мәдени іс-шаралар өткізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	2750,0
4.	Алматы қаласында Б.Г.Ерзаковичтің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойлық кешті және өнер шеберлерінің концертін өткізу	Алматы қаласының әкімдігі	2008 жылғы қазан	Жергілікті бюджет	1335,0
5.	Алматы қаласында П.В.Аравиннің туғанына 100 жыл толуына арналған мерейтойлық кешті және өнер шеберлерінің концертін өткізу	Алматы қаласының әкімдігі	2008 жылғы қазан	Жергілікті бюджет	1335,0
6.	Б.Г.Ерзаковичтің өмірі мен ғылыми-шығармашылық қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында материалдардың шығуы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2008 жыл бойы	025 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	250,0
7.	П.В.Аравиннің өмірі, ғылыми, педагогикалық қызметі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында материалдардың шығуы	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2008 жыл бойы	025 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	250,0
8.	П.В.Аравин туралы деректі фильм түсіру (хр. 10 мин.)	Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі	2008 жыл бойы	025 "Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу" республикалық бюджеттік бағдарламасы	800,0
9.		Қазақстан Республикасы Мәдениет және	2008 жыл бойы	017 "Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару"	1000,0

П.В.Аравиннің "Дәулеткерей және XIX ғасырдағы қазақтың домбыра музыкасы" кітабын шығару	а қ п а р а т министрлігі	республикалық бюджеттік бағдарламасы	
<b>Жиыны:</b>		<b>Республикалық бюджет</b> 11204,0 <b>Жергілікті бюджет</b> 2670,0	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК